

Түркістан қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2018 жылғы 19 наурыздағы № 28/153-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 сәуірде № 4490 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабының 1 тармағына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Түркістан қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Түркістан қалалық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Түркістан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат

сессиясының төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

М.Дуйсебеков

Ғ.Сарсенбаев

Түркістан қалалық
мәслихатының 2018 жылғы
19 наурыздағы № 28/153-VI
шешіміне қосымша

Түркістан қалалық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Түркістан қалалық мәслихатының 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 11/73-V "Жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2245 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 18 наурыздағы "Түркістан" газетінде жарияланған),

2. Түркістан қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 40/229-V " Бірыңғай тіркелген салықтың мөлшерлемелері туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3147 тіркелген, 2015 жылғы 30 сәуірде " Түркістан" газетінде және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған),

3. Түркістан қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 40/230-V "Жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" Түркістан қалалық мәслихатының 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 11/73-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3148 тіркелген, 2015 жылғы 30 сәуірдегі "Түркістан" газетінде және 2015 жылғы 4 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған),

4. Түркістан қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 40/231-V "Үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын базалық салық мөлшерлемелері туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3146 тіркелген, 2015 жылғы 30 сәуірдегі "Түркістан" газетінде және 2015 жылғы 30 сәуірде " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған),

5. Түркістан қалалық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 5/22-VI " Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3779 тіркелген, 2016 жылғы 22 шілдедегі "Түркістан" газетінде, 2016 жылғы 26 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2016 жылғы 28 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған).